# Жасы он сегізге толмаған адамдардың еңбегін қолдануға тыйым салынатын ауыр қол еңбегі жұмыстары мен еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды), қауіпті ( ерекше қауіпті) жұмыстардағы өндірістердің, кәсіптердің тізімін бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2005 жылғы 15 ақпандағы N 45-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 17 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 3445. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2007 жылғы 31 шілдедегі N 185-ө Бұйрығымен.

*Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2007.07.31.* N 185-ө *(қолданысқа енгізілу тәртібін* 5-тармақтан *қараңыз) Бұйрығымен.*

"Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса беріліп отырған Жасы он сегізге толмаған адамдардың еңбегін пайдалануға тыйым салынатын ауыр қол еңбегі жұмыстары мен еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды), қауіпті (ерекше қауіпті) жұмыстардағы өндірістердің, кәсіптердің тізімі бекітілсін.

2. "Жасы он сегізге толмаған адамдардың еңбегін қолдануға тыйым салынатын еңбек жағдайлары ауыр, зиянды және қауіпті өндірістердің, кәсіптер мен жұмыстардың тізімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2000 жылғы 11 наурыздағы N 71-ө бұйрығының (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1110 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді .

*Министрдің*

*міндетін атқарушы*

"Келісілді"

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау Вице-министрі

2005 жылғы 15 ақпан

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау Министрінің міндетін

атқарушының 2005 жылғы 15 ақпандағы N 45-ө бұйрығымен бекітілген

**Жасы он сегізге толмаған адамдардың еңбегін пайдалануға тыйым салынатын ауыр қол еңбегі жұмыстары мен еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды), қауіпті (ерекше қауіпті) жұмыстардағы өндірістердің, кәсіптердің тізімі**

**1-тарау. Өндірістер және жұмыстардың түрлері**

1. Атом электростансалары
2. Геологиялық барлау, топографиялық-геодезиялық жұмыстар
3. Тау-кен шикізатын өндіру және байыту
4. Құрылыс және кенсіз материалдарды өндіру және байыту
5. Скважиналарды бұрғылау; мұнай және газ шығару
6. Коксохимиялық өндіріс
7. Ағаш дайындау жұмыстары, ағаш ағызу және ағаштан шырын алу
8. Металлургия өндірісі (қара және түсті металлургия)
9. Металл өңдеу, оның ішінде: (дәнекерлеу, ұста-пресс және термиялық жұмыстары, металмен жалату және сырлау, қаңылтыр банке және туб өндірісі)
10. Химиялық мұнай өндірісі
11. Химиялық шикізатты байыту, агломераттау, брикеттеу
12. Тастан жасалған бұйымдар және тасты өңдеу өндірісі
13. Бактериялық және вирустық препараттар өндіру кәсіпорындары
14. Асбест өндірісі
15. Асбест цемент бұйымдарының өндірісі
16. Еріткіштер өндірісі
17. Цемент өндірісі
18. Темір-бетон және бетон бұйымдары мен конструкциялар өндірісі
19. Отқа төзімді кен тазалаушы
20. Қабырғалық және тоқымалы материалдар өндірісі
21. Жылу изоляциялау материалдарының өндірісі
22. Асфальт мастикасын және плиткасын шығаратын өндірісі
23. Жұмсақ шатыр және гидроизоляциялық материалдар шығаратын өндіріс
24. Целлюлоза, қағаз, қатырма және олардың бұйым жасау өндірісі
25. Шахталарды, разрездерді, метрополитендер мен тонелльдерді салу
26. Құрылыс, монтаж және жөндеу - құрылыс жұмыстары
27. Тамақ өнеркәсібі, оның ішінде: шарап, спирт және ликер-арақ өнімдері, сыра және алкогольсіз сусындар өндірісі, темекі және ферментация өндірісі, ас тұзын өндіру
28. Жылу желілері

29. Көлік, оның ішінде: темір жол көлігі және метрополитен, теңіз флоты, өзен флоты, жолаушы тасымалдайтын авиация, автомобиль және қалалық электрокөлігі

30. Электроэнергетика (энергетикалық шаруашылық)

31. Химия өндірістері

32. Фармацевтикалық өндірістер

33. Балық өндіру

## 2-тарау. Жалпы мамандықтар және жұмыстардың түрлері

34. Автоклавшы

35. Қорғасын аккумуляторларын жөндеумен және зарядтаумен айналысатын аккумоляторшы

36. Антикоррозияшы

37. Химиялық ерітінділерді дайындайтын аппаратшы

38. Хлорлау аппаратшысы

39. Бункерші

40. Битум қайнатушы

41. Сүңгуір (водолаз)

42. Автомобиль жүргізушісі

43. Газшы

44. Газ генераторшысы

45. Газ құтқарушысы

46. Ацетилен қондырғысының генераторшысы

47. Металл бұйымдарының гумершісі

48. Дегазаторшы

49. Рентген-гамма графирлеу деффектоскописі

50. Өлшеуші (дозиметрші)

51. Жанар және жағар майларды құюшы

52. От сөндіргіштерге заряд беруші

53. Баллондарды сынаушы

54. Технологиялық және өндіріс пештерінің қазандары мен пештеріне қызмет көрсетумен айналысатын, қолмен тиеп құрғақ отынмен жұмыс істейтін от жағушы, кочегар

55. Өндіріс пештері мен қазандарын ыстықтай жөндеумен айналысатын өнеркәсіп пештерінің, қазандарының және агрегаттарының тас қалаушы-пешші

56. Адам ағзасына күшті әсер ететін заттарды тексеру, зерттеу және сынаумен айналысатын химиялық анализ лаборанты

57. Пластмасс құюшы

58. Вагондарды төнкеретін машинасының машинисі

59. Вагонды итеретін машинаның машинисі

60. Вентиляциялық және аспирациялық қондырғыларының машинисі

61. Ауа бөлуші қондырғыларының машинисі

62. Газ үрлеу машиналарының машинисі

63. Газ генератор стансасының машинисі

64. Іштен жану двигательдерінің машинисі

65. Түтін сорғыштың машинисі

66. Компрессор қондырғыларының машинисі

67. Кран машинисі (краншы)

68. Көтергіш машинисі

69. Скрепер машинисі (скреперші)

70. Тоңазытқыш қондырғыларының машинисі

71. Экскавотор машинисі

72. Улы заттармен, канализация сұйықтарымен ластанған арнаулы киімдерді жөндеумен, тазалаумен және жуумен айналысатын арнаулы киім жуу, сондай-ақ арнаулы кір жуатын машинист

73. Мұнай өнімдері және химикаттардан босаған ыдыстарды жуумен, бөлшектерді, тораптар мен моторларды жуумен, этилденген бензинмен жұмыс істейтін, ассенизациялық машиналарды жуумен, сондай-ақ ыдыс аяқты дизинфекциялаумен айналысатын жуушы

74. Жоғары вольтты электр двигательдеріне қызмет көрсетумен айналысатын электр двигатель моторшысы

75. Баллондарға сығымдалған газ және сұйық хлор толтырумен айналысатын баллон толтырушы

76. Су құбыры-канализация жүйесінің жер асты камералары мен тоннельдеріне қызмет көрсетумен айналысатын қараушы

77. Пештерді, қазандықтарды, ожауларды және басқа жабдықтарды жөндеумен айналысатын отқа төтеп беруші

78. Сынап дәнекерін әзірлеумен және осы дәнекермен дәнекрлеуші

79. Қорғасынды, бериллийді және олардың қорытпаларының балқыту және өңдеу учаскелерінде, сондай-ақ зияндылығы I, II, III сыныпты химиялық заттар ашық түрде қолданылатын; зиянды және улы жүктерді өңдеу кезінде көліктің барлық түрінде ыстық металды таратып құю және прокаттаумен тікелей айналасатын қосалқы жұмысшы (транспорттық)

80. Престеуші

81. Пластмасс бұйымдарын престеуші

82. Баллон қабылдап алушы

83. Шарап, спирт және ликер-арақ өнімдерін және сыра сатумен, және сақтаумен айналысатын қызметкерлер

84. Қопарылғыш зиянды заттарды әзерлеумен, сақтаумен, тасымалдаумен

және пайдаланумен байланысты өндірістер мен жұмыстарда істейтін жұмысшылар

85. Ашық сынапты қолданумен байланысты барлық жұмыс түрлеріндегі жұмысшылар

86. Пневматикалық құралдар қолданылатын барлық жұмыстардағы жұмысшылар

87. Сүңгуір (водолаз) және су асты жұмыстарына қызмет көрсетуші жұмысшылар

88. Қару-жарақты ату және атып көруімен айналасатын жұмысшылар

89. Улы химикаттарды тасымалдаумен, әзірлеумен және қолданумен байланысты жұмыстармен айналысатын жұмысшылар

90. Тазалау және жуынды-шайынды шұңқырларынан қоқыстарды қолмен шығару; өнеркәсіптік канализация жүйесі мен ұстағыштары тазалаумен айналысатын жұмысшылар

91. Этил сұйығы қолданылатын жұмыстармен айналысатын жұмысшылар

92. Жанар-жағар және қопарылғыш материалдар, улы заттар, қышқылдар мен сілтілер, хлор және хлорлы известь сақталатын арнаулы қоймаларға қызмет көрсетумен айналысатын жұмысшылар

93. Биіктікте жұмыс істейтін жұмысшылар

94. Бокстарда, инсектарийлерде, виварийлерде тікелей жұмыс істейтін жұмысшылар

95. Локомотивтерді және моторлы вагон поездарын зауыттық жүру сынағымен тікелей айналысатын жұмысшылар

96. Ыстық плита, кондитер пештері және электроқуыру шкафтарының тікелей жанында жұмыс істейтін жұмысшылар

97. Істен шыққан май регенераторшысы

98. Шиналарды құрастыру және бөлшектеумен; автомобильдерді жөндеумен; ассенизациялық жүктер, шіріген калдықтар және улы химикаттар тасымалдаумен ; этилденген бензинмен жұмыс істейтін автомобильдерді жөндеумен айналысатын слесарьлер

99. Жер асты газ құбырларын пайдалану және жөндеу слесарлері

100. Авариялық-қалпына келтіру жұмыстарының слесары

101. Канализация желілерінің жұмыстарымен айналысатын слесарь

102. Фреонды және аммиакты компрессорлар мен тоңазатқыш қондырғыларын сынаумен және жөндеумен айналысатын слесарь-жөндеуші

103. Этилденген бензинмен жұмыс істейтін моторсынау стансаларында технологиялық жабдықтарды, жер асты камераларында тоннельдер мен кеме ішінде; металлургиялық және химиялық өндірісте, цехтарда және өндіріс учаскелерінде; пластмасса бұйымдары өндірісінде, арнаулы жуу орындарында;

ыстық жұмыс учаскелерінде; канализация құрылыстарында жөндеумен айналысатын слесарь-жөндеушілер

104. Стропальші

105. Такелажшы

106. Вагон аударғышты, қазандарды, танктерді, цистерналарды, бөшкелерді, мұнай құю кемелерін және басқа май, гракс, мұнай және химия өнімдері сыйымдылықтарын тазалаумен айналысатын тазалаушылар

107. Құбыр тазалаушы (трубочист)

108. Пештер мен газ қалдықтарын және желдеткіш қондырғыларын тазалаушы

109. Абразивті шеңберлерді қолданып, құрғақ әдісімен жұмыс істейтін жылтыратушылар

110. Электродшы

111. Лифтілерді жөндеу және техникалық қызмет көрсетумен айналысатын лифт электромеханиктері.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК